

**«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ
Әлеуметтік ғылымдар факультеті
Педагогика кафедрасы**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ
ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА
В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КеАҚ
ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ
АЛДЫН АЛУ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ТӘЖІРИБЕ»
Халықаралық ғылыми семинар
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
Международного научного семинара
«ПРОФИЛАКТИКА БУЛЛИНГА И КИБЕРБУЛЛИНГА В
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

**Астана
20 сәуір, 2023 ж.**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. - ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;

Асылбекова М.П. - педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;

Атемова К.Т. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Сейітқазы П.Б. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - педагогика ғылымдарының докторы, профессор;

Албытова Н.П. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Сламбекова Т.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор,

Шолпанкулова Г.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;

Жубакова С.С. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Жукенова Г.Б. - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;

Махадиева А.К. - философия докторы (PhD), доцент м.а.

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. - председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;

Асылбекова М.П. - заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;

Атемова К.Т. - доктор педагогических наук, профессор;

Сейітқазы П.Б. - доктор педагогических наук, профессор;

Шалғынбаева Қ.Қ. - доктор педагогических наук, профессор;

Албытова Н.П. – кандидат педагогических наук, профессор;

Сламбекова Т.С. - кандидат педагогических наук, профессор;

Шолпанкулова Г.К. - кандидат педагогических наук, профессор;

Жубакова С.С. - кандидат педагогических наук, доцент;

Жукенова Г.Б. - кандидат педагогических наук, доцент;

Махадиева А.К. - доктор философии (PhD), и.о. доцента.

УДК 378.1
ББК 74.00
Б. 94

«Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе» атты ғылыми семинар BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында ұйымдастырылған.

Б.94 «Білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу: теория және тәжірибе». Халықаралық ғылыми семинар жинағы (Астана қ., 20 сәуір). 2023. 223– бет

ISBN 978-601-337-842-8

Жинаққа білім беру ұйымдарында буллинг және кибербуллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу мәселелері бойынша баяндамалар енгізілген.

УДК 378.1
ББК 74.00

ISBN 978-601-337-842-8

© **Формула печати, 2023**

Гендерлік психологияның ұлттық психологиямен.pdf

3. Чуйкова Т.С. Гендерные особенности буллинга в подростковом возрасте. elibrary_46159292_11692941.pdf

4. Глазман О.Л. Психологические особенности участников буллинга [Электронный ресурс]. - Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskie-osobennosti-uchastnikov-bullinga>

5. Макарова Ю.Л. Гендерные особенности поведения участников подростковой буллингструктуры // Психология. Историко-критические обзоры и современные исследования. 2017. Т. 6. № 5А. С. 181-192

6. Бобровникова Н.С. Гендерные особенности поведения подростков участников буллинга в современной образовательной среде // Мир науки. Педагогика и психология, 2020, №4, <https://mir-nauki.com/PDF/18PSMN420.pdf> (доступ свободный). Загл. с экрана. Яз. рус., англ.

7. Щамбура Ю. В. Особенности отношения современных подростков к буллинг (с учетом гендерного аспекта) [Электронный ресурс].- Режим доступа: <https://seanewdim.com/uploads/3/4/5/1/34511564/httpsdoi.org10.31174send-pp2019-198vii 80-17.pd>

8. Ермолова Т. В., Савицкая Н. В. Буллинг как групповой феномен: исследование буллинга в Финляндии и скандинавских странах за последние 20 лет (1994-2014) [Электронный ресурс] // Современная зарубежная психология. 2015. Т4, №1. С.65-90.

**МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ – КИБЕРБУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ
ШАРТЫ РЕТІНДЕ
MEDIA LITERACY AS A REQUIREMENT FOR PREVENTING
CYBERBULLYING**

**Сейітказы П.Б., педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы,
Қазақстан Республикасы**

**Seitkazy P. B., doctor of Pedagogical Sciences, Professor, L. N. Gumilyov
Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan**

Андатпа. Мақалада ақпараттық қоғамда балалар арасындағы кибербуллингтің алдын алудың бір шарты ретінде медиасауаттылықтың ролі мен мүмкіндіктері негізделген. Медиасауаттылық, кибербуллинг ұғымдарына берілген түрлі анықтамалар ұсынылған. Сонымен қатар, цифрлық гигиенаны сақтаудың негізгі ережелері қарастырылған.

Annotation. The article considered the role and opportunities of media literacy as a requirement for preventing cyberbullying among children in the information society. Various definitions of the concepts of media literacy and cyberbullying are presented. Moreover, the basic rules for maintaining digital hygiene are given.

Кілттік сөздер: медиасауаттылық, кибербуллинг, масс-медиа, цифрлық гигиена.

Keywords: media literacy, cyberbullying, mass media, digital hygiene.

Мектеп жасындағы балалар арасында тараған өзекті мәселенің бірі – кибербуллинг, яғни, әлеуметтік желілерде қорқыту, үркіту арқылы балаларды үрейде ұстау мәселесі Қазақстанда аз зерттелген мәселелердің қатарына жатады. Отандық ғалымдардың, тәжірибелі мамандардың тарапынан ғылыми мақалалар жарияланғанымен, бірнеше диссертациялық жұмыстардың орындалғанымен, оқу-әдістемелік құралдар, монографиялар жоқтың қасы деуге болады.

Буллинг, кибербуллинг тақырыбына байланысты кітаптарды анықтау мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде осыған көз жеткіздік. Нақты педагогикалық тұрғыдан қарастырылған бірнеше оқу-әдістемелік құралдардың ғана жарияланғандығы анықталды. Сондай еңбектердің бірі, «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингінің алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» атты еңбекте барлық балалар үшін зорлық-зомбылықтан және әлімжеттілік қарым-қатынастан қорғанумен қатар өмір сүруге, дамуға, тәрбиелеуге және білім алуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету кез келген мемлекет үшін әлеуметтік саясаттың басты міндеттерінің бірі болып табылатындығы және балаларға қатысты ешқандай зорлық-зомбылықты ақтауға болмайтындығы, кез келген зорлық-зомбылық назардан тыс қалмау керектігі негізделген.

Алайда, бүкіл әлемде балалар отбасында, жергілікті қоғамдастықта және білім беру ұйымдарында басқа оқушылар тарапынан да, мұғалімдер тарапынан да зорлық-зомбылыққа тап болатындығы, ең басты қауіп төндіретін мәселе – жүйелі түрдегі зорлық-зомбылық - айдап салу мен буллинг екендігін көрсеткен құрастырушылар, бұл әдістемелік ұсынымда Қазақстан мектеп оқушылары арасындағы буллинг мәселесі, буллингтің себептері мен салдарлары, зорлық-зомбылық жағдайларын болдырмау, анықтау және шешу, кикілжің жағдайға қатысушыларға көмек көрсету жөніндегі шараларды іске асыру, мектептегі психологиялық қызметтің буллингтің алдын алудағы рөлі туралы мәселелерді талдаған. Сонымен қатар, құрастырушылар әдістемелік ұсынымда мектеп мұғалімдері мен ата-аналар үшін буллингтің алдын алуға байланысты жадынамалар, түрлі диагностикалар, сауалнамалар, жаттығулар ұсынған [1].

«Противодействие буллингу среди несовершеннолетних в организациях образования Республики Казахстан» атты оқу-тәжірибелік құралда буллингтің алдын алудың жолдары ұсынылады. Аталған оқу-тәжірибелік құрал Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы буллингке қарсы күресте теориялық және қолданбалы сипаттағы жүйеленген ақпаратты қамтитын басылым болып табылады. Оқу-тәжірибелік құралды құрастырушылар балалар буллингінің табиғаты, оның көрсеткіштері, ықтимал салдары мен қарсы шаралары туралы тұрақты түсінік қалыптастыруды мақсат еткен. Бұл оқу-тәжірибелік құралда шетелдік және отандық ғалымдардың осы тақырып бойынша зерттеулерін, тәжірибелерін жинақтап ұсынылған.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында бұл әлеуметтік құбылысқа қатысты құқықтық және қоғамдық ұстаным енді ғана қалыптасып келе жатқаны белгілі. Осы орайда авторлар кибербуллингтің себептері мен оның алдын алу тетіктерін терең түсіну қажет екенін ерекше атап өтеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы кибербуллингпен күресте білім беру ұйымдары алдыңғы қатарда болуы керек, осыған байланысты педагогикалық ұжымның тиісті құзыреттерін бекіту маңызды мәселе екендігін нақты мысалдармен көрсете алған. Мұғалім кибербуллингтің пайда болуының белгілерін бірден анықтап, қажетті шараларды қолдана білуі керек екендігі айтылған. Авторлар әртүрлі теориялық және практикалық материалдарды жүйелеу негізінде шетелдік тәжірибені Қазақстанда жүзеге асырудың жолдарын ұсынады [2].

Келесі бір практикалық құралда (Виды правовой защиты от кибербуллинга: практическое пособие) автор тәжірибелі заңгер ретінде балалар әлеуметтік желілерде диффамацияға ұшыраған жағдайда қалай қорғануға болатынына байланысты кеңестерін ұсынады және буллинг, кибербуллинг мәселесінің құқықтық тұрғыдан шешілу механизмдерін жан-жақты қарастырған [3]. Жоғарыда айтқанымыздай аталған мәселе бойынша жарияланған кітаптар өте аз, ал олардың бүгінгі күні қажеттілігі мен маңыздылығы айтарлықтай сезіледі. Жалпы айтқанда, буллинг, кибербуллинг - бүкіл әлем мектептерінде таралған құбылыстардың бірі болып отыр, демек, мектептегі зорлық-зомбылық қазіргі білім беру жүйесінің маңызды мәселесі болып табылады. Айдап салу немесе қорқытуды кез-келген мектепте кездестіруге болады. Әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде буллинг білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Буллинг салдары тікелей де және жанама түрде оқушылардың зияткерлік және жеке тұлғалық дамуына теріс әсер етеді. Көптеген оқушылар мен олардың ата-аналары буллингтің баланың дене және менталдық денсаулығы үшін зияны туралы жеткілікті біле бермейді. Қазақстанда соңғы уақытта ғана балалар ортасында буллингті ерте анықтау және алдын-алу мәселелеріне көңіл бөліне бастады. Демек, осы бағыттағы кітаптар мен оқу-әдістемелік құралдарын дайындап, жариялау маңызды, ол еңбектер мектеп мұғалімдері, ата-аналар үшін буллингтің алдын алуға және шешімін табуда көмекші құрал болады деген тұжырым жасауға болады.

Дегенмен, бүгінгі таңда әлемде төртінші технологиялық төңкеріс болып жатқан тұста, ақпарат ағыны мен технологиялық инновациялар жылдам жаңару үстінде. Бұл өз кезегінде құндылықтардың заман талабымен өзгеріп, жеке тұлғаның қызығушылығы мен қоғамның сұранысының да жаңарып отыруына әкелуде. Осындай сипат алып, қоғам мүшелерінің интернет кеңістігіне қолжетімділігі артқан уақытта, ақпараттың оң немесе кері ықпалын аңғара алудағы медиасауаттылықтың маңызы зор. Атап өтерлігі, кейінгі кездері медиабілім, медиамәдениет, медиасауаттылық ұғымдары педагогика ғылымына кеңінен еніп отыр.

Медиасауаттылық деп масс-медиа өнімдерінен алынатын ақпаратты тану, мәні мен астарын түсіне отырып сыни қарау, қауіпсіз желіде ақпарат жинау мен талдауды айтуға болады. Олай болса, медиасауаттылықтың басты мақсаты жалпы сауаттылықтың мәнін кеңейту, әртүрлі медиамәтіндермен

қарым-қатынас жасау, қабылдау, талдау және бағалау қабілеттерін қосу. Бұл жерде жеке тұлғалық және қоғамдық қызығушылықтарды біріктірудің демократиялық мүмкіндігі көрініс табады.

Медиасауаттылық қауымдастығының (Association for Media Literacy) анықтамасы бойынша «Медиасауаттылық – бұл көптеген медиа формалар мен жанрлардың кодтары мен конвенцияларын дұрыс, денсаулыққа пайдалы, тиімді және этикалық тұрғыдан түсіну және пайдалану үшін қажетті білім мен дағдылар. Медиасауаттылық сонымен қатар адамдарға өздерінің медиа өнімдерін жасауға және таратуға мүмкіндік беруге бағытталған», – деп жазылған [4]. Ал, Біріккен Ұлттар Ұйымы ақпаратына сәйкес «Медиа және ақпараттық сауаттылық адамдардың ақпарат және медиамен, соның ішінде оқу мақсаттары мен жағдаяттардың өзара әрекеттесуін жақсарту үшін қажетті әртүрлі өзара байланысты құзыреттер үлкен маңызға ие. Медиа-ақпараттық сауаттылық – бұл шығармашылық және этикалық негізде барлық қажетті құралдарды пайдалана отырып, ақпарат пен медиа өнімдерге тиімді қол жеткізуді, талдауды, сыни бағалауды, түсіндіруді, қолдануды, құруды және таратуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін білім, дағдылар, көзқарастар, құзыреттер мен тәжірибелер жиынтығы. Медиа-ақпараттық сауаттылық «XXI ғасыр дағдылары» немесе «жұмсақ» дағдылардың ажырамас бөлігі болып табылады» [5].

Медиақсауаттылық масс-медиа өнімдерінен келетін әртүрлі ақпараттық қауіптің алдын алуға, сыни тұрғыдан қарап сұрыптауға, алдағы уақытта қауіпсіздік дағдылары мен иммунитет қалыптасуына әсер етеді. Елдің ертеңі болар жастардың сан алуан сайттардан білімі мен қызығушылығын қанағаттандырып қана қоймай, өміріне қауіп төндіретін сайттармен бетпе-бет келетіні бүгінгі күннің шындығы. Осы тұста интернет кеңістігінде кездесетін буллингтің жаңа түрі – кибербуллингтің алдын алу шарасы ретінде медиасауаттылықтың орны ерекше. Бүгінгі таңда кибербуллингтің қармауына балалар ғана емес, білім деңгейіне қарамастан көптеген ересек азаматтарымыз да түсіп қалуда. Бұл келіп түскен қорқыту ақпаратын саралап, тереңінен қарамағандықтан, психологиялық шабуылға төтеп бере алмау нәтижесінде туындайтыны анық.

Оксфорд түсіндірме сөздігінде «кибербуллинг» термині – біреуді қорқыту немесе ренжіту үшін әлеуметтік желілердегі хабарламаларды, электрондық пошталарды, мәтіндік хабарларды және т.б. пайдалану деген анықтама берілген [6].

Ал, UNICEF-тің анықтауынша кибербуллинг – бұл цифрлық қорлау. Кибербуллинг әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде, ойын платформаларында және ұялы телефондарда болуы мүмкін. Бұл қорлаудың нысанасына айналған адамды қорқыту, ашуландыру немесе ұятқа қалдыру міндетін қоятын мақсатты мінез-құлық үлгісі. Мысал ретінде: жалған ақпарат тарату немесе әлеуметтік желілерде біреудің ыңғайсыз фотосуреттерін орналастыру, мессенджерлерде зиянды хабарламалар тарату немесе қоқанлоқылдық таныту, өзін басқа біреу ретінде көрсету және оның атынан басқаларға орынсыз хабарламалар жіберу – деп көрсетілген [7].

Қазіргі таңда кибербуллинг қауіпі әсіресе балалар мен жасөспірімдерге тиіп отыр. Себебі интернет, әлеуметтік желіде өмірінің көп уақытын өткізетін жасөспірімдер алдымен кибербуллингтің қармауына ұшырайды. Виртуалды әлемге тереңінен еніп кеткендіктен, шынайы өмірдегі жақындарымен туындаған қиындықты шешуге көмек сұрау олар үшін қиындық тудырады. Бос уақытын қалай, қай сайттарда, қандай әлеуметтік желілерде өткізгісі келсе де өздері білетін жасөспірімдер, ата-аналарының қадағалауынан шет қалуда. Өйткені отбасы қамымен таңның атысы, күннің батысы жұмыста болатын ата-аналар балаларын кешкісін бірақ көріп, олардың сабақтан бос уақытын қалай өткізетіндіктерінен бейхабар болады. Ал, кибербуллингтің басты қауіпі, ол суицидке алып келуі мүмкіндігінде. Бұл жағдайды болдырмай, алдын-алу әр отбасының, әлеуметтік институттардың уақытылы мән беріп, жүргізілген шараларына негізделеді. Жасөспірімнің әрекетінен өзгерісті, тұйықтықты, жат қылықтарды байқаған ата-ана мен педагогтар уақыт жоғалтпай шара қолдануға кіріскені абзал. Жәбірленушінің құқықтарын қорғайтын құзыретті органдар мен заңды нормативті құжаттардағы ақпаратпен де таныс болғаны жөн.

Кез келген уақытта кибербуллингтің алдын алуда жасөспірімнің жеке басының интернет кеңістігіндегі медиасауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы ерекше. Өйткені кибербуллингке кез келген жас кезеңінде, әлеуметтік жағдайына қарамастан тап болуы мүмкін. Ал медиасауаттылығы қалыптасқан адам кибербуллингтік алғашқы шабуылдарғаөздігінен төтеп беріп, қауіп-қатерге абыржымай, сабырлылық сақтап, мәселенің шешімін табудың оңтайлы жолдарын қарастырады.

Тақырып аясын қарастыра келе, кибербуллингтің алдын алудағы медиасауаттылықтың бірнеше шарттарын қарастырамыз:

- Білім беру мекемелерінде ақпаратты тиімді пайдалануға үйрететін, оның теріс ықпалынан қорғанудың жолдарын көрсететін медиабілімдік пәндерді енгізу;

- Интернет кеңістігіндегі цифрлық гигиена, яғни ақпараттық қауіпсіздік ережелерін ұстану;

- Кибербуллинг түсінігі, оның алдын алуға арналған жалпы ережелермен жасөспірімдерді жоспарлы түрде таныстыру, өзін қалай ұстау дағдыларын қалыптастыру;

- Кибербуллинг кезіндегі моральді дүрбелең (моральная паника) сәтінде сабырлылық сақтауға дағдыландыру.

Сонымен қатар, кибербуллингтің алдын алуда болашақ мұғалімдерді дайындайтын оқу орындарында *Медианадагогика*, *Медиабілім негіздері*, *Білім берудегі медиақұзыреттілік негіздері* т.б. пәндерді білім беру бағдарламаларына енгізу маңызды болып отыр. Өйткені, медиақұзыретті мамандардың мектепте оқушылардың медиасауаттылығын қалыптастыруда мүмкіндіктері артады. Масс-медиа ақпараттарын қолдануда құзыретті маман ретінде дайындалған болашақ мұғалімдер, оқушыларды қауіпті ақпаратқа төтеп беруге үйрететіндей деңгейде болады, ал бұл кибербуллингтің алдын алуға әсерін тигізетіні анық.

Қазіргі кезеңдегі кибербуллингтің алдын алуда қолданылатын цифрлық гигиена немесе IT-гигиенаның да маңызы зор. Көп жағдайға интернет кеңістікте жұмыс жасағанда бұл мәселеге мән беріле бермейді. Алайда, цифрлық гигиенаның негізгі ережелерін естен шығармаған жөн, өйткені бұл кибербуллингтің алдын алудың негізгі алғышарты болып табылады.

Цифрлық гигиенаның негізгі ережелеріне тоқталып кететін болсақ:

- Тіркелу құпиясөзін күрделі етіп құру, оны жиі өзгертіп отыру және әртүрлі сайттарға тіркелу барысында логин мен құпиясөзді қайталамау;
- Жұмыс жасауға арналған негізгі электронды почтамен, қызығушылыққа арналған почтаны жеке бөліп ашу және қолдану;
- Әрдайым екі факторлы аутентификацияны қолдану, яғни SMS хабарлама кодтары, қосымша электронды почтаны жатқызуға болады;
- Құрылғылардағы (компьютер, ұялы телефон) бағдарламалар мен операциялық жүйелерді әрдайым жаңартып отыру;
- Күдікті сілтемелерді баспау және күдікті файлдарды жүктемеу;
- Құрылғыны сенімді антивирустық қорғаумен қамтамасыз ету;
- Ең бастысы құпиялықты қамтамасыз ету, яғни өзі туралы жеке ақпаратқа сақ болу.

Қорытындылай келе, бүгінгі ақпарат ғасырында әр азаматтың кибербуллингтің алдын алу және өзінің жеке қауіпсіздігін қалыптастыруда медиасауаттылықтың рөлі ерекше екенін атап өткіміз келеді. Медиасауаттылық арқылы тұлғаның түрлі ақпаратпен мәдени қарым-қатынас орната алу қабілеті, оның жағымды, жағымсыз әсерін ажырата білудегі қабілеті қалыптасады. Олай болса, білім беру мекемесінде меңгерген медиасауаттылық негізі кез келген адамның өмірбойғы қоры мен қауіпсіздігінің кепілі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Білім беру ұйымдарында кәмелетке толмағандар арасында мектеп буллингін алдын алу бойынша әдістемелік ұсынымдар» атты еңбекте (құрастырушылар: Илюхина Т.М., Узакбаева Р.У., Амантаева С.О. және т.б.) Қарағанды: ҚО ББД ОӘО, 2020. – 218 б.
2. «Противодействие буллингу среди несовершеннолетних в организациях образования Республики Казахстан» атты оқу-тәжірибелік құралда буллингтің алдын алудың жолдары ұсынылады (құрастырғандар: Альжан А.Б., Жемпиисов Н.Ш.). 2021. 62 с.
3. Назханов Т. Виды правовой защиты от кибербуллинга: практическое пособие. Алматы, 2021. 56 с.
4. Association for Media Literacy. What is Media Literacy? Electronic resource: <https://aml.ca/about/>.
5. Официальный сайт Организация Объединенных Наций. Тема 2022 года: Формирование доверия-императив медийной и информационной грамотности. Электронный ресурс: <https://www.un.org/ru/observances/media-information-literacy-week>.

6. Oxford Learner's Dictionaries. Electronic resource:
<http://www.oxfordlearnersdictionaries.com/topic/>

7. Официальный сайт ЮНИСЕФ. Электронный ресурс:
<https://www.unicef.by/press-centr/328.html>.

БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНДАҒЫ БУЛЛИНГ ЖӘНЕ КИБЕРБУЛЛИНГ ФАКТОРЛАРЫ

FACTORS INFLUENCING BULLYING AND CYBERBULLYING IN THE EDUCATIONAL ENVIRONMENT

Албытова Н.П., п.ғ.к., профессор,
Сламбекова Т. С., п.ғ.к., профессор,
Жукунова Г.Б. п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

**Albytova Nazymgul, candidate of Pedagogical Sciences, acting professor,
Slambekova Tolkyn Slamkulovna, Ph. D., acting Professor,
Zhukenova G.B., candidate of Pedagogical Sciences, acting professor,
L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of
Kazakhstan.**

Андатпа. Мақалада буллинг және кибербуллингке түсініктеме беріліп, оған әсер етуші факторлар қарастырылады. Білім беру ортасында «педагог-оқушы» қарым-қатынасы осы құбылысты тудырушы фактор болатындығы туралы ғылыми зерттеулерге шолу жасалады. Автор «педагог-оқушы» қарым-қатынасында басшылыққа алатын нормативтік құжаттарды саналы меңгеру мен принциптерді ұстануды ұсынады.

Annotation. The article comments on bullying and cyberbullying and discusses the factors that influence it. Reviews of scientific studies that the "teacher-student" relationship in the educational environment is a factor that causes this phenomenon. The author suggests a conscious mastery of regulatory documents and adherence to the principles that guide the teacher-student relationship.

Кілт сөздер: буллинг, кибербуллинг, қарым-қатынас, білім беру ортасы, фактор.

Keywords: bullying, cyberbullying, communication, educational environment, factor.

Ақпараттық технологиялардың дамуы мен Интернетке қолжетімділік ХХІ ғасырда жеткіншектер мен жастардың арасында буллинг, кибербуллингтің жаңа формаларының туындауына әкелді. Буллинг тақырыбы педагогика тарихында бар мәселе болғанымен, қазіргі жағдайда оның мазмұны мен формасы жағынан түрлі жолдармен өршігіп отырғандығы байқалады. Соңғы кезеңдерде балалар арасында өріс ала бастаған осы қарама-қайшылықтардың бір түрі цифрлық технологияны пайдалаумен келген